

✓ **6 қазан**  
**6 октябрь**

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

**РЕФЕРЕНДУМ**

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!



**Т**алдықорған

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың  
2-наурызынан шыға бастады



[www.taldykorgan-online.kz](http://www.taldykorgan-online.kz)  
e-mail: [taldyk@bk.ru](mailto:taldyk@bk.ru)



№40 (1830) Жұма, 4-қазан 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

## БОЛАШАҚ ҰРПАҚ ҚАМЫ – БҮГІННЕН



**2024 жылғы 3 қазанда Қасым-Жомарт Тоқаев барлық деңгейдегі мәслихаттардың екінші республикалық форумында сөйлеген сөзінде атом электр станцияларына қатысты референдум тақырыбын қозғады.**

Президент санаулы күннен кейін жалпыхалықтық референдумда халқымыз Қазақстанда атом электр стансасының болуы не болмайтынын шешетінін еске салды.

*«Бірнеше күннен кейін өтетін жалпыұлттық референдумда халқымыз Қазақстанда атом электр станциясын салу қажет пе, әлде қажет емес пе деген мәселені*

*шешеді. Дауыс беру нәтижесі қандай болса да, бұл – айтулы уақиға. Алдағы референдум – Қазақстанда соңғы бес жылда болған ауқымды өзгерістердің тағы бір мысалы, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының жарқын көрінісі. АЭС құрылысына қатысты өз ұстанымымды бұған дейін бірнеше рет айттым. Әлемдегі прогрестен шет қалмау үшін біз бәсекелестікте өз артықшылықтарымызды пайдалануымыз керек. Азаматтар қолдап дауыс берген жағдайда, бұл Тәуелсіз Қазақстанның бүкіл тарихындағы ең ірі жобаға айналады», - Қасым-Жомарт Тоқаев.*

Мемлекет басшысының сөзінше, атом электр станциясын салу – ұзақ мерзімді жоба. Алайда бұл бастама еліміздің орнықты дамуын онжылдықтарға ілгерілетеді, энергетикалық дербестігімізді нығайтады, экономиканың, ғылым мен білімнің түрлі саласын өркендетуге тың серпін береді, сондай-ақ инженерлер шоғыры мен өртүрлі бейіндегі мамандар легін қалыптастыруға ықпал етеді.

*«Заманның талабы осы. Демек,*

*оның пайдасын қазіргі жастарымыз бен болашақ ұрпақ көреді. Осы ретте АЭС құрылысына қолдау білдіріп жатқан Халықтық штабтың жұмысын ерекше атап өткім келеді. Штаб саяси партиялар мен түрлі қоғамдық ұйымдардың өкілдерін, сондай-ақ ғалымдарды, сарапшыларды, өндіріс мамандары мен кәсіпкерлерді біріктіреді. Азаматтардың ұйысып, ортақ іске жұмыла кірісе алатынын көрсетеді. Дамуға ұмтылыс – ұлтымыздың ең жақсы қасиеттерінің бірі. Сондықтан біз ешқандай қиындыққа қарамастан, алға қарай батыл қадам басуымыз керек. Тағы да қайталаймын. Алдағы референдум тәуелсіздік жылдарындағы ең маңызды уақиға болады және еліміздің одан әрі дамуына тікелей әсер етеді», - Қасым-Жомарт Тоқаев.*

Сонымен қатар, форумда Қ.Тоқаев «мемлекет адал еңбек етіп, сол арқылы олардың өмір сүру деңгейін көтеруге дайын адамдарды әрқашан қолдайтынын» атап өтті.

**zakon.kz**

(Толығырақ [www.taldykorgan-online.kz](http://www.taldykorgan-online.kz) желісінде).


### РЕФЕРЕНДУМҒА ДАЙЫНДЫҚ

Орталық референдум комиссиясының отырысы өтіп, онда 6 қазанға белгіленген республикалық референдумды дайындау әрі өткізу мәселелері қаралды.

Қазақстанда атом электр стансасын салу жөніндегі республикалық референдумда байқауға 30 шет мемлекет пен 4 халықаралық ұйым (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Түркі мемлекеттері ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес) атынан 177 байқаушы қатысады.

ОРК шақыруы бойынша референдум өткізу кезінде байқауға 14 мемлекеттің орталық сайлау органдарының өкілдері, оның ішінде Өзбекстан, Беларусь, Тәжікстан және Өзбекстанның орталық сайлау органдарының төрағалары қатысады.

Сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Василенко министрліктің 37 елден 200 шетелдік журналист аккредиттелгенін, олар да республикалық референдум өткізуді байқап, жариялайтынын хабарлады.



*Құрметті ұстаздар қауымы және білім саласының ардагерлері!*

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» – деген ұлы Абай бабамыз. Сіздер жас ұрпақтың санасына өлшеусіз тәлім-тәрбие беріп келесіздер. Ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде ұстаз әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға екендігін айта келе: «Мұғалімнің еңбегін лайықты бағалау – өте маңызды. Тарихы терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі», - деген болатын.

Білімге баулып, биікке ұшырататын оқушылардың оқуда озат, өмірде ұлтжанды, ел азаматтары болуына тілектеспіз!

Сіздерді мерейлі мерекемен құттықтап, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық табыс, өнегелі де мағыналы ғұмыр тілейміз!

Талдықорған қаласының әкімі  
Ернат БӘЗІЛ

Қалалық мәслихат төрағасы  
Темірболат АХАЖАН

**2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу кезеңінде сайлау учаскелерінің мекенжайлары мен нөмірлерін тексеру үшін Call-орталығы**



**Call-центр для проверки адресов и номеров избирательных участков в период проведения республиканского референдума 6 октября 2024 года**

Талдықорған қаласы бойынша **8 (7282) 40-20-31, 8 (7282) 40-20-30** бірыңғай нөмірі бар Call-орталық іске қосылды, ол арқылы 2024 жылғы 6 қазанда өтетін республикалық референдумда дауыс беруге арналған сайлау учаскесінің мекенжайы мен нөмірін тексеруге болады.

Call-орталық дүйсенбі және жұма күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді, түскі үзіліс уақыты 13.00-ден 14.30-ға дейін.

В городе Талдықорған запущен Call-центр с едиными номерами **8 (7282) 40-20-31, 8 (7282) 40-20-30**, посредством которого можно проверить адрес и номер избирательного участка для голосования на республиканском референдуме 6 октября 2024 года.

Время работы Call-центра с понедельника по пятницу с 9.00 до 18.30 часов, обеденный перерыв – с 13.00 до 14.30.

## ЖОЛДАУҒА-ҚОЛДАУ АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған АЭС салуды қолдау жөніндегі халық штабының мүшелері Жетісу облысына келіп, өңір жұртшылығымен алдағы референдумға қатысты өзекті мәселелерді және энергетика саласын дамыту перспективаларын талқылады. Сапар барысында депутаттар сарапшылармен және қоғам қайраткерлерімен бірге облыстағы өндірістік кәсіпорындардың еңбек ұжымдарымен, сондай-ақ, белсенді жастармен кездесті.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде қазіргі сын-қатерлер жағдайында баламалы энергия көздерінің қажеттілігі бұрынғыдан да арта түскені айқын байқалып отырғанын атап өтті. Оған климаттың өзгеруі, экологияның нашарлауы және энергияның тапшылығына қатысты статистикалар дәлел. Сенат Төрағасы бұл ретте Мемлекет басшысы мақұлдаған атом электр стансасын салу туралы бастама аса маңызды екенін айтты. Аталған жобаның негізгі артықшылықтарының бірі көмірқышқыл газының шығарындыларын азайту және көмірге тәуелділікті төмендету екені де назардан тыс қалған жоқ.

«Бүгінде халықтың тұтыну қажеттілігін өтеп отырған көмір электр



стансаларының жағдайы сын көтермейді, басым бөлігі әбден тозған. Қазірдің өзінде елімізде энергия тапшылығы орын алып, сенімді және таза қуат көздерінің қажеттілігі артып отыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа Жолдауында осы түйткіле ерекше тоқталды. Шын мәнінде, бұл ретте атом энергиясының әлеуеті зор. Қазір ол бүкіл әлемде белсенді қолданылып келеді. АЭС-тің көмір стансаларынан айтарлықтай айырмашылығы бар. Ол ауаны және қоршаған орта-

ны көмірқышқыл газдарымен, күлмен немесе құрамында мұнай өнімдері бар зиянды қалдықтармен ластамайды. Бұл – табиғатқа зиян келтірмей-ақ экономикамыздың қарқынды дамуына ықпал ететін таза және тұрақты энергия көзі», – деді Палата Спикері.

Сонымен қатар Штаб мүшелері ақпараттық жұмыс аясында «Айсұлу» тігін фабрикасының ұжымымен кездесті. Мұнда көп балалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар және әлеуметтік аз қамтылған санаттағы басқа да азаматтар жұмыс

істейді. Кездесуде олар АЭС салу бастамасын толық қолдап, өз пікірлерін білдірді. Қазақстандағы негізгі бетон өндірушілердің бірі, қала құрылысымен айналысатын «Темірбетон» кәсіпорнының қызметкерлері де аталған идеяны қолдайтындарын жеткізді.

Өңір жұртшылығымен және белсенді жастармен кездесуде өндіріске қажетті жаңа тәсілдерді зерделеудің және инновациялық технологияларды енгізудің маңызы сөз болды. Мәулен Әшімбаев атап өткендей, қазіргі атом электр стансалары сенімді, адам өміріне қауіпсіз, ең озық және тексерілген технологиялар негізінде салынып жатыр. Сондай-ақ Сенат Төрағасы АЭС-тің жұмысы мен оны пайдалану кезеңінде халықаралық сараптамалық ұйымдар тарапынан сенімді бақылауға кепілдік берілгеніне тоқталып, азаматтарды ел игілігі үшін референдумға белсенді қатысуға шақырды.

«Экономиканың ұзақ мерзімді мүдделеріне және қажеттіліктердің жедел артуына байланысты АЭС салу мәселесі стратегиялық сипатта ие екенін көріп отырмыз. Сондықтан халықтың бұл мәселеге қолдау білдіруі еліміздің дамуы жолында аса маңызды. Атом электр стансасын салу кезіндегі негізгі басымдық адамдардың қауіпсіздігі екені анық. Сол себепті, қазақстандықтар қолдап дауыс берсе, АЭС ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес салынады. Жобаны іске асыру кезінде табиғи апаттар мен басқа да ықтимал сын-қатерлердің алдын алуға қажетті шаралар міндетті түрде ескеріледі. Стансаның қауіпсіз жұмысын МАГАТЭ мен басқа да халықаралық ұйымдар мұқият қадағалайды», – деді Мәулен Әшімбаев.



## МАҢЫЗЫ ЕРЕКШЕ МӘДЕНИ МҰРАЛАР

3 қазан күні облыста бірқатар атаулы шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда болсақ, Талдықорған қаласында «Қызылтас – тасбақа» экологиялық акциясы өтті. Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Дуас Есдәулетов, қала әкімі Ернат Бәзіл және қоғам белсенділері, өңір жастары, экоеріктілер, «Жасыл ел» еңбек жасақтары қатысты.



Сонымен қатар, эооакция аумағында Қызылтас бірегей петроглифтерін жергілікті маңызы бар қорғалатын тарихи-мәдени нысандар тізіміне енгізу туралы тақта орнатылды.

Іс-шара барысында облыстың экоактивісі Динара Бакирова Мемлекет басшысы мен облыс басшылығына бірегей петроглифтер түріндегі тарихи ескерткіштерді қорғағаны үшін алғысын білдірді.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін облыс әкімі Бейбіт Исабаев экологтармен, жұртшылықпен, құзыретті органдармен бірге «Тасбақа» тасы мен жартастағы петроглифтерді сақтау бойынша қажетті шаралар қабылданғанын, карьерді игеру заң аясында тоқтатылғанын, бірлескен күш-жігердің арқасында бұл мәселенің мәнісі табылғанын мәлімдеген болатын.

«Қазақстан студенттер Альянсы» Жетісу облысы бойынша филиалының төрағасы, экоерікті Ескендір Амандос: Ел деңгейінде өткізіліп жатқан ауқымды тазалық акциясы – аса маңызды науқан. Жастар ғана емес, аға буын – ардагерлердің, орта буын – ел ағаларының, жас ұрпақтың иық тіресе атқарып жатқан тазалық шаралары туған елге деген шынайы сүйіс-

пеншіліктің дәлелі іспеттес. Мұндай іс-шаралар өскелең ұрпақтың туған өлкенің табиғаты мен тарихына деген сүйіспеншілігін, жер алдындағы жауапкершілігін өте жақсы тәрбиелейді және адамдардың экологиялық сауаттылығын арттырады!», – деді.

Сонымен қатар, Текелі қаласында Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Торғын Тұрлыбаевамен «Жан мен тәннің тазалығы – рухани тазалықтың өзегі» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға қала жастары, экоеріктілер жиналды. Дөңгелек үстел барысында жастар табиғатқа ұқыпты қарау, қоршаған ортаны таза ұстау жөнінде пікір алмасты.

Жетісу облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында тазалық шаралары тұрақты үрдіске айналып, жалғасып жатыр. Тұрғындар тарапынан зор қолдауға ие болған экологиялық шараға бүгінде 200 мыңға жуық адам атсалысып, түрлі тазалық шараларына қатысты.

Жалпы, «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Жетісу облысында жалпы саны 1 611 техника жұмылдырылды, соның нәтижесінде 7 793 тонна қоқыс шығарылып, 30 726 түп ағаш отырғызылды.

Жетісу облыстық қоғамдық даму басқармасы

## ЕҢБЕК АДАМЫ СҰРАНЫСҚА ИЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ

Еңбек күніне орай Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімінің басшысы Нариман Естібаев және мәслихат депутаты елімізге танымал «JLC» ЖШС кәсіпорнында болды. «JLC» тауарлық таңбасы бар сүт өнімдерін шығарумен айналысатын еңбеккерлер биыл мерекені зор табыстармен қарсы алып отыр. Сүт өнімдерінің түрлерін көбейтумен қатар сүт қабылдау көлемін де арттыруда. Жиын барысында кәсіпорында көп жылдар бойы еңбек етіп жүрген азаматтарға Талдықорған қаласының әкімі және қалалық мәслихат төрағасының атынан Алғыс хаттар табысталды. Талдықорған қаласы мәслихаты-



ның депутаттары, Шалқар Оразбаев пен Гүлнұша Тұлымшақова еңбеккерлер алдында сөз сөйлеп, ҚР Президентінің Жолдауында айтылған бағыттарды түсіндірді.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

## АУМАҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ ХАБАРЛАЙДЫ

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу бойынша аумақтық референдум комиссияларына арналған әдістемелік құралы негізінде дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру келесідей тәртіппен ұйымдастырылады.

Азаматтар, егер дауыс беру күні төмендегі себептерге орай референдум учаскесіне келе алмаса, жергілікті уақыт бойынша сағат 12-ден кешіктірмей, жазбаша өтінішімен учаскелік референдум комиссиясына жүгінеді: денсаулық жағдайына байланысты, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себепіне орай, дауыс беруге арналған учаскелер құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болса.

Өтініш келіп түскен кезде комиссия төрағасы өтініш берген азаматтың референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміндегі тегінің тұсына тиісті белгі қояды («Болатын жері бойынша дауыс беру»). Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастырған кезде тасымалданатын жәшікті учаскелік референдум комиссиясының екі мүшесі алып жүреді.

Учаскелік референдум комиссиясының мүшелері өкілдер мен байқаушыларды, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін азаматтардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді туралы хабардар етуге міндетті.

Референдум комиссиясының мүшелері дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру үшін шыққан кезде оларға өкілдер мен байқаушылар ілесіп жүруге құқылы.

Учаскелік референдум комиссиясының екі мүшесі шығатын автомашинада (автомашинадағы бос орындарға қарай) өкіл мен

байқаушы немесе БАҚ өкілі болуға құқылы. Басқа өкілдер мен байқаушылар, БАҚ өкілдері референдум комиссиясының мүшелері отырған автомашинаға өздерінің жеке көліктерімен ілесіп жүруге құқылы.

Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру кезінде учаскелік референдум комиссиясының мүшелері, бюллетеньдердің бүлінуі мүмкін екендігін ескере отырып, олардың қажетті санын қамтамасыз етуге тиіс. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру кезінде бюллетень азаматқа жеке басын қуәландыратын құжатты көрсеткен кезде, дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініш негізінде беріледі, ол туралы өтінішке қол қояды.

Бюллетеньдерді берген учаскелік комиссияның мүшесі бюллетеньге және дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтінішке өз қолын қояды. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру және өткізу азаматтың құқықтарын бұзу немесе еркін білдіруді бұрмалау мүмкіндігін болғызбауға тиіс.

Бүгінгі таңда Талдықорған қаласы бойынша 232 адам дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге өтінім жасады.

Маржан МЕЛІС  
Талдықорған қалалық аумақтық референдум комиссиясы төрағасының орынбасары

## ПОДДЕРЖИВАЯ ПОСЛАНИЕ ПОСТОЯННЫЙ И БЕЗОПАСНЫЙ ИСТОЧНИК ЭНЕРГИИ

**Гульнар ТОЙЛЫБАЕВА,**  
председатель областного  
маслихата:

В настоящее время в 30 развитых и развивающихся странах функционируют около 200 атомных электростанций, к примеру, в США - 54, во Франции - 23, в Японии - 17. Кроме того, в мире строятся еще 59 новых АЭС. Казахстан также выступил за прогрессивную идею возведения атомной электростанции, в связи с чем на 6 октября назначен референдум и создан Народный штаб.

Как известно, с каждым днем потребность в электроэнергии растет. Сегодня мы получаем ее из таких источников, как вода, ветер, солнце, уголь. И нельзя сказать, что их запасы безграничны. Поэтому атомная электростанция необходима для нашего будущего. Это постоянный и экологически безопасный источник энергии.

Каждый из нас хочет, чтобы наши дети жили в сильном, никому не подвластном и независимом государстве. Принимая решение о строительстве АЭС, мы делаем шаг к этой заветной мечте. Мы передадим будущим поколениям энергетически независимый Казахстан, то есть страну со стабильной и процветающей экономикой.

Хотелось бы, чтобы население правильно понимало, что это историческое решение станет новой страницей в летописи создания справедливого Казахстана. Давайте продемонстрируем наше единство в такой политически значимый период!



## ДАНЬ БЛАГОДАРНОСТИ С ПОЧЕТОМ И УВАЖЕНИЕМ

День пожилого человека, который проводится 1 октября, - это напоминание для молодого поколения, что старость нуждается в поддержке, любви и заботе. Это особенный праздник, который символизирует неразрывную связь времени и поколений. Старшее поколение является опорой для молодежи, их знания и традиции - это та основа, которая позволяет обществу двигаться вперед.

В Управлении полиции города Талдыкорган уделяют большое внимание ветеранам органов внутренних дел, посвятивших свою молодость служению государству и народу.

В полиции города стало хорошей и доброй традицией чествовать старшее поколение и отдавать дань своего уважения.

«Наше поколение стражей порядка всегда с теплотой и



уважением относятся к ветеранам, которые за период своей работы всегда стояли на страже порядка, охраны и защиты наших граждан от преступных посягательств. После выхода на заслуженный отдых они продолжают передавать свой опыт, навыки и умения молодому поколению.

Мы от всей души поздравляем своих старших товарищей

с этим замечательным праздником и желаем им долгих лет жизни, здоровья и счастья!» - сказал майор полиции Талгат Истурганов.

В ответ ветераны поблагодарили личный состав полиции города за проявленную ими заботу и внимание, пожелали им успехов в их нелегкой и почетной службе.

**Азат БОРАНГАЗИЕВ**

## ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО ЛЮБОВЬ К ВОДЕ – С РАННЕГО ВОЗРАСТА



Оздоровительный центр «Aqua club Tomiris» в городе Талдыкоргане открыт в 2021 году. И это единственный бассейн, в котором занимались с малышами от 3 месяцев до 7 лет.

Индивидуальный предприниматель Мухамеджанов С.А. решил расширить свой бизнес и обратился в АО «Банк ЦентрКредит», где ему одобрили кредит по программе «Национальный проект по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы». Благодаря инструментам субсидирования и гарантирования Фонда «Даму» процентная ставка по кредиту была снижена до 8% годовых.

На полученные средства предприниматель открыл новый большой бассейн для занятий с детьми от 2 месяцев до 9 лет. В здании созданы все условия для комфортного и безопасного времяпрепровождения. В бассейне – морская вода, имеются душевые для мальчиков и девочек, сауна, игровой зал и место, откуда можно наблюдать за плаванием своих детей.

В центре «Aqua club Tomiris» работают 4 квалифицированных тренера, которые являются специалистами своего дела и имеют достаточный опыт работы с детьми. Проводятся индивидуальные и групповые тренировки, занятия в формате мама + малыш, а также имеется методика для детей с особым развитием - гидрореабилитация.

«Плавание с родителем — это не просто полезная тренировка для ребёнка, но и важный этап его адаптации к воде. Когда малыш находится рядом с мамой, он чувствует себя в безопасности, легче привыкает к новой атмосфере и открываете к обучению. На первых занятиях в бассейне дети могут чувствовать волнение из-за новой обстановки, но мама рядом помогает создать ощущение комфорта и защищённости. В воде малыши учатся доверять своему телу, воде и даже окружающим. Этот совместный опыт помогает ребёнку быстрее освоиться в воде, подготовиться к следующим этапам — групповым тренировкам и самостоятельным занятиям с тренером. Переход будет плавным и естественным, ведь малыш уже привык к бассейну и тренировочному процессу, и теперь он готов к более активным занятиям», - говорят специалисты.

По их словам, и дети с особенностями в развитии нуждаются в поддержке, заботе и профессиональном подходе. Одним из самых эффективных методов восстановления и улучшения физического состояния является гидрореабилитация.

«Вода не только облегчает движения, снимая нагрузку с суставов и мышц, но и стимулирует развитие моторики, координации, улучшает дыхание и способствует расслаблению. Занятия в нашем бассейне помогают детям улучшить физическую активность, развивать силу и выносливость, работать над координацией и равновесием, повышать уверенность в себе. И мы с радостью наблюдаем, как малыши достигают новых высот, становятся сильнее и активнее», - отмечают опытные тренеры.

В целом, в ходе водных оздоровительных процедур ребенок получает основы плавания, укрепление иммунитета, улучшение координации и моторики, а также заводит новых друзей и весело проводит время.

**Алмагуль ЖАНДОСҚЫЗЫ**

## ЧЕЛОВЕК И ЕГО ДЕЛО ОТ КАРДИОЛОГА ДО РЕВМАТОЛОГА

Марина Омарова – врач-ревматолог высшей категории, Отличник здравоохранения, работает в Талдыкорганской городской поликлинике №1. Рассказает о ней попросили ее многочисленные благодарные пациенты.

Родилась Марина Омарова в 1968 году в селе Курчум Восточно-Казахстанской области, в семье медицинских работников. Мама – врач-эпидемиолог, Отличник здравоохранения. По приглашению из Восточного Казахстана приехала в город Талдыкорган поднимать эпидемиологическую службу, работала в областной СЭС. Папа, родом из Китая, занимался нетрадиционной медициной, иглотерапевт. Его называли «Золотая игла» и лечиться к нему в Усть-Каменогорск приезжали со всего Советского Союза. К сожалению, родители вместе жили не долго, и Марину воспитывали бабушка с дедушкой.

Девочка приехала в Талдыкорган, когда пришла пора идти в школу. Училась она хорошо, окончила школу с двумя четверками. У юной девушки был выбор: пойти в прикладную математику, так как училась в математическом классе, или в медицину по примеру родителей.

«Чтобы познать медицину и решить, стоит ли в нее идти, я с мамой даже ездила в командировки, изучала характер ее работы. Была на вспышке гепатита в Бурлуктинском районе и смотрела, как она работает. Вначале хотела тоже стать эпидемиологом, но потом поняла, что они больше работают с бумагами, а с больными встречаются редко. А мне хотелось работать именно с больными, помогать им. Поэтому и выбрала лечебный факультет, собираясь поступать или в Семипалатинск, или в Караганду», - рассказывает о выборе пути Марина Омарова.

Но так совпало, что в год ее окончания школы впервые в Талдыкорган приехала приемная комиссия из Семипалатинского медицинского института. Не надо было куда ехать, и Марина поступила. По ее воспоминаниям, первым экзаменом была биологическая химия. Председатель комиссии высоко оценил ответ абитуриентки и даже вышел поблагодарить ее маму, она как раз «болела» за дочь. Сказал, что впервые за пять лет слышал такой прекрасный ответ.

После окончания вуза в 1991 году Марина Омарова решила вернуться в Талдыкорган и продолжить работу. Хотела быть участковым терапевтом, но, к сожалению, места не было, и ей предложили разные узкие специализации, в том числе и кардиологию.

«Нас, студентов, хорошо обучили кардиологи, были сильные специалисты. Так, сразу после института я стала консультировать врачей с 30-40-летним стажем. Вначале было страшно,



но знания помогли. Хотя и была молодая, но слово свое уже имела и на каждый вопрос могла ответить. Постепенно старшие коллеги перестали во мне сомневаться и доверились моей работе», - вспоминает Марина Нурмуханбетовна.

Когда в стране были организованы первые кардиоцентры, стала работать в одном из них в Талдыкоргане, который существовал всего три года (1993-1996 гг.). После его закрытия сократили и молодых специалистов. Чтобы продолжить трудиться кардиологом, Марине Омаровой предложили место в Областном иммунологическом центре при Станции переливания крови. Но здесь ей приходилось работать не только кардиологом, но и иммунологом, и аллергологом. Безусловно, проходила специализацию, набралась опыта.

Когда сократили область, закрыли и Центр. Марина Омарова вернулась в городскую поликлинику, но кардиолог был не нужен, пришлось стать ревматологом. Также прошла специализацию, обучилась. По ее словам, ревматолог - очень сложная специальность, в ней встречаются и патология сердца, суставов, всех внутренних органов. Но опыт помогает ставить диагноз и помогать больным.

Так, за 33 года трудовой деятельности в здравоохранении врач освоила несколько направлений медицины и по праву является Отличником здравоохранения.

«Не жалею, что выбрала профессию врача, здесь я приношу больше пользы и это моя жизнь! У нас хороший коллектив и опытное руководство. Главный врач - грамотная и сама трудяга, разговаривает с нами на равных и с ней одно удовольствие работать. Для работы созданы все необходимые условия. Поэтому приходим на работу с радостью и с радостью возвращаемся домой, и это счастье».

Также у меня замечательный помощник - медсестра Любовь Полетаева. Я сама выбрала ее и предложила вместе работать, и вот уже 13 лет мы трудимся бок о бок. Нас прекрасно знают наши пациенты и мы их всех. Они хроники на всю жизнь и понимают это. Но сейчас такая современная медицина, что мы можем помочь больным пойти в ремиссию. Они радуются, когда боль отпускает их, и мы рады за них.

Много лет работает и во всем нас поддерживает главный ревматолог республики Галымжан Асылбекович Тогизбаев. Благодаря ему изменились многие приказы, внедрили новые лекарства. Планируется открытие ревматологических центров и кабинетов генной инженерии по Казахстану, в том числе и у нас в Талдыкоргане, чтобы пациенты могли получить специализированную помощь. И это здорово!» - делится своим мнением Марина Омарова.

**Алма УРАЗАЕВА**



## ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

# ҚАРТЫ БАР ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ ОРТАЙМАЙДЫ

Үлкенгі сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүрі – қазақ халқының ата салты. Елімізде қарт адамдарға деген ықылас жыл сайын артып, мемлекет тарапынан оларға көрсетілетін көмектің көлемі де ұлғайып келеді. Әрбір азаматтың қартайған кезіндегі өмірін лайықты ету – мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының басты бағыттарының бірі.

Өмірлерін жас ұрпақтың өсуіне, жарқын болашағына арнаған ата-апаларымыз ортамызда. Олар қол қусырып қарап отырмай, жас ұрпақ тәрбиесіне атсалысады. Әрқайсысының өнегелі еңбек жолы бір-бір дастан. Үлкендерге лайықты сый-құрмет жасап, алғысына бөлену – адам баласының бойындағы тектілігінің белгісі. Ендеше асыл қазынамызды бағалап, сый-құрмет көрсетіп, өнегелі ғұмырынан ғибрат алып, олардың қадір-қасиетіне жету абзал.

Қаламызда 26 мыңнан астам ардагердің басын біріктіріп отырған Ардагерлер кеңесінің бастамасымен осы қазан айында қарттарға қайырымдылық пен көмек, шыннайы жанашырлық көрсету айы деп жариялап, кәсіпкерлерге, ұйым мен мекемелерге үндеу жасаған болатын. Бұл шараны бір айлық «Қарт-тарымызды қамқорлыққа алайық!» атты үлкен акцияға айналдыруды көздеп отыр.

Паруза Байысованың жетекшілігіндегі

«Мұрагер» аймақтық ардагерлер филиалы көптеген игі істерді атқарып келеді. Қалалық ардагерлер кеңесінің бұл бөлімшесі орталықтан басталып, Қарабұлақ кентіне шығар аймақты түгелдей қамтиды. Осы аумақта тұратын қазыналы қарттардың басын қосып, әр мерекеде, оқу орындары білімгерлерімен тәлімдік шаралар өткізуде. Осындай тәрбие істерінің басы-қасынан әрдайым Паруза Мұқанқызы табылып жүр. Бұл жолы – халықаралық Қарттар күніне орай қазыналы қарттардың басын қосты. Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақшабай Керімбеков айтулы мерекемен құттықтап, ақ жаулықты әже, абыз қарияларға Алғыс хаттар табыстады.

Құрмет көрсеткендер арасында шахматтан, бильярдан турнир жеңімпаз Исағали Төлеубекұлы, көп балалы ана, қазақтың қолөнерін дәріптеуші Әуесхан Мажайқызы, республикалық «Батагөй-



лер» сайысының қатысушысы Серікбек Балқыбекұлы, газетіміздің ардагер қызметкері, спортта белсенді Сәуле Мұхенова да бар.

Ал Мұрат Шаяхметұлы, Шәйбала Тергеуова, Қания Есдәулетова, Жұмабала Балақаранова, Шолпан Қайыпбергенқызы, Рауза Билібекқызы сыйлы қонақ ретінде шақырылыпты.

Жастық шағын еліміздің гүлденуі мен өркендеп дамуына арнап, маңдай терін төккен аталар мен әжелерге құрмет көрсету мемлекет тарапынан ғана емес – қоғамның барлық өкілдерінің, әсіресе жас буынның басты парызы екенін де ұмытпаған жөн. Осы қоғамның іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас буынға үлгілі, өнегелі тәрбие беретін, елжандылыққа

баулу сияқты моральдық нормалардың бастауында қазыналы қарттарымыздың тұрғанын әрқашан есте ұстауымыз қажет. Ұрпақтар сабақтастығы жарасымын тапқан шарада қаламыздағы Қанат Мұратұлы басқаруындағы №125 мектептің білімгерлері әсем ән мен белгілі ақындардың өлеңдерін нақышына келтіре орындады. Домбырашылар тобы күй төгілті. Қонақтарға гүл ұсынып, сыйлық жасады. Мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұрсұлтан Таласбайұлына аталар ақ батасын беріп, зерек шәкірттері көп болуына тілектестік білдірді. Үлкендерге жастар ізет пен құрмет білдіріп жатса, береке-бірлігіміз арта түсері анық. Шара барысында ардагерлер жайылған ақ дастарқаннан дәм татты.

Дана ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ

## ИГИЛІКТІ ІС

# ҮЛКЕНГЕ – ҚҰРМЕТ, КІШІДЕН – ІЗЕТ

Ардақты ардагерлер! Қадірлі аға буын өкілдері! Сіздергі 4 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Біз, әрқашан «Үлкенге – құрмет, кішіден – ізет» деген аталы сөзді ұрпағымыз бойына сіңіріп өскен, қариясын қадірлеп, ардагерін ардақтаған текті елдің ұрпағымыз.

Ардагерлер – еліміздің алтын қоры. Тәжірибесі мол аға буынның өмір жолы біз үшін аса құнды. Сондықтан халқымыз ертеден-ақ үлкенге құрмет көрсетуді өсиет етіп, ұрпақтар арасындағы сабақтастыққа, үйлесімге ерекше мән берген.

«Ата қайратты болса, бала ғибратты болады» деген қанатты сөз бекер айтылмаса керек. Сіздер сабырлы, қарапайым қасиеттеріңізбен біздерді мейірімділік пен еңбексүйгіштікке, Отанға, отбасына деген адалдыққа және абыройлы болуға тәрбиелеп келесіздер.

Қазіргі таңда зейнеткерлер мен ардагерлерге жан-жақты қолдау көрсету, үлкенді құрметтеу мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі.

Қарттар күнін атап өтудегі басты мақсат – аз қамтамасыз етілген қарт адамдарға, жалғызбасты қарт зейнеткерлер мен қарт мүгедектерге көңіл бөлу, оларға материалдық, әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да көмек түрлерін көрсету болып табылады. «Талдықорған

қаласының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Жалғызділікті, жалғыз тұратын қарттарға, бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж мүгедектігі бар тұлғаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінде 286 қарттар тіркеуде тұр. 38 әлеуметтік қызметкер 8 арнаулы әлеуметтік қызмет түрінен қызмет көрсетеді (әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-еңбек).

Қарттарымыз қашан да аман болсын!

**М.ҚАЛҚАМБАЕВА,**  
Жалғызділікті, жалғыз тұратын қарттарға, бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж мүгедектігі бар тұлғаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі

## КӘСІБИ МЕРЕКЕ

# ҰСТАЗДАР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 1 қазанда еліміз бойынша тұңғыш рет аталық өміні жатқан – Жоғары білім қызметкерлері күніне арнап «Ұстазын ұлықтаған – ел бақытты» атты мерекелік жиын өтті. Жиын ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтауымен басталды. Еліміз бойынша алғаш рет аталып отырған мерекемен университет ұжымын басқарма төрағасы-ректор Ермек Берібаев құттықтап, оқытушылар мен қызметкерлерге жылы лебізін білдірді.

«Жоғары білім саласы – ел ғылымы мен білімінің қарқынды түрде дамуына айрықша әсер ететін бағыт болғандықтан сала қызметкерлеріне арнайы мереке күнін белгілеу орынды шешім деп санаймын. Өркендетті елдің ертеңі кемел



білім мен ғылымда болса, бұл жолдың бастаушысы – әрине оқытушы қауымы» – деді ректор.

Жиынға Жетісу облысы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев қатысып, бірқатар қызметкерлерді облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапаттады. Жетісу университетінің түлегі ретінде Марлен Қапашұлына ректор Ілияс Жансүгіров төсбелгісін тақты.

Кәсіби мерекеге орай көп жылғы еңбегі, білім беру және тәрбие жүйесін дамытуға қосқан үлесі, лауазымдық міндеттерін абыроймен атқарғаны үшін бірқатар қызметкерлер марапатталды.

Өз тілшіміз

# ЗЕЙНЕТКЕРЛІК КУӘЛІГІ ТАБЫСТАЛДЫ

1 қазан күні елімізде Халықаралық қарттар күні атап өтіледі. Мерекеге орай мемлекеттік корпорацияның Жетісу облысы бойынша филиалы ақция өткізді. Бұл күні ХҚКО қызметкерлері зейнеткерлерді құттықтап, зейнетақы куәліктерін табыстады.

Айта кетейік, күніне филиалдың фронт-офисіне 20-ға жуық қызмет алушы зейнетақы тағайындау қызметі бойынша жүгінеді. Қарттар күні еліміз бойынша барлығы 100-ге жуық азамат куәлік алды. Ең көп зейнетақы куәліктері Талдықорған қаласында және Панфилов ауданында, ал ең аз мөлшері Текелі қаласында берілді.

Айта кетейік, бүгінгі таңда облыста 93 мыңға жуық зейнеткер бар.

Аталған қызметті алушылар зейнетақы куәліктерін тапсыру сәтінде мемлекеттік қызмет көрсетудің жоғары деңгейде болғандығы, сондай-ақ ыңғайлы сервистер арқылы жүзеге асқандығы жайлы айтты.

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Жетісу облысы бойынша филиалы



# МҰҒАЛІМ – ЕҢ МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Мұғалім болу жер бетіндегі жауапкершілігі көп, ең қиын, сонымен қатар ең қызықты мамандық.

Өз сабағын, оқушыларын, мектебін шексіз құрметтеп, сүйетін адам ғана мұғалім бола алады. Мұғалімнің қызмет жолындағы басты міндеті – мәдениетті, ізденімпаз, жан-жақты, адамгершілігі мол азаматты тәрбиелеп, қалыптастыру болып табылады. Шәкірттерінің бойына тек жақсы қасиеттерді сіңіру, мөлдір бағыт – бағдар көрсету жолындағы ұстаздың еңбегіне өлшеу жоқ. Адамның қалыптасуы, дамуы, өсуі барлығы мектептен басталады. Мектептегі ұстаз балалардың әке-шешесі сияқты, болашаққа жол көрсетушісі, ақылшысы. Қазіргі жаңа қоғамға, Жаңа Қазақстанға лайық азаматтар тәрбиелеу үшін жаңашыл, өмір ағысынан қалыспай ізденіс үстінде жүрген мұғалімдердің саны жылдан жылға артып келеді және үлкен табыстарға жетуде.

Қазіргі заманның талабы цифрлық сауаттылық, жасанды интеллект, «Біртұтас тәрбие» ұлттық құндылықтар тәрбиесін оқытуын басшылыққа алған «Н.Островский атындағы №8 орта мектеп» КММ ұжымы қоғам талабына сай жасөспірімдерді үлкен өмірге қосуға, оларға сапалы білім, сана-

лы тәрбие беру жолында аянбай еңбек етіп, еліміздің дамуына өз үлестерін сіңіруде. Халықаралық, республика, облыс, қала көлемінде өткізілетін интеллектуалдық, пәндік, спорттық, туристік, патриоттық, көркемөнерпаздар т.б. сайыстарда оқушылар үлкен жетістіктерге жетіп, елінің абыройын асқақтатуда. Бұл орайда мұғалімдердің қосқан үлестерінің зор екенін айтпасақ болмайды.

Атақты Бауыржан Момышұлының «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғылымын да, еңбекқор егіншісін де кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасаң, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз» - деген сөзін басшылыққа алып, мұғалімдерімізге құрмет көрсетіп жүру, олардың берген еңбегін ақтау баршамамыздың парызымыз.

**С.ДОЛАЕВ,**  
«Н.Островский атындағы №8 орта мектеп» КММ директоры



# Сүйікті қалам - ТАЛДЫҚОРҒАН



«Қала күні – ол тек мерекелеуге себеп қана емес, есеп беріп, қорытынды жасаудың бір мүмкіндігі. Талдықорғандықтар Жемісудың жүрегі саналар қаламыздың мерекесін сән-салтанатпен атап өтті.

Қала әкімі Ернат Бәзіл талдықорғандықтарды Қала күнімен және әсем қаламыздың қала мәртебесін алғанына 80 жыл толуымен құттықтады. «Бұл уақыт тарих үшін санаулы болғанымен, қала дамуы үшін маңызды кезең. Осы уақыт аралығында сүйікті шаһарымыз жылдылыққа толы, сенімді түрде нық қадаммен дамып келеді. Жыл сайын дәстүрлі түрде тойланатын бұл мейрам әр азаматтың, әр отбасының сүйікті қаласына деген құрметін, ыстық ықыласын қалыптастыруда. Құрметті жерлестер! Жыл сайын бой көтеріп жатқан жаңа ғимараттар қаламыздың көркін күннен күнге ажарландыра түсуде. Қолданысқа беріліп жатқан ғимараттар мен демалыс орындары жергілікті тұрғындарға, қала қонақтарына жағымды көңіл күй сыйлауда. Сондай-ақ, қаланың дамуымен қатар халықтың тұрмыс жағдайы да жақсарды. Көптеген кәсіпорындар іске қосылып, жұмыссыздық деңгейі төмендеді. Яғни, мұның барлығы тек халық игілігі үшін жасалып жатқан игі бастамалар деп білемін. Құрметті қала тұрғындары! Осы бір тамаша мерекеде баршаңызға зор

денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін. Еліміздегі баянды бірлігіміз, ынтымаққа ұйыған тірлігіміз табысты болсын! Талдықорғанымыз өркендеп, айбыны асқақтай берсін!» - деді. Мерекеге орай жыл сайынғы дәстүрге сай қаламыздың дамуы мен өркендеуіне елеулі үлес қосқан азаматтардың еңбегін бағалап, құрмет көрсету мақсатында ең жоғарғы марапат «Талдықорған қаласының Құрметті азаматы» атағы мен тұңғыш рет «Талдықорған қаласына сіңірген еңбегі үшін» медалі табысталды. Жалпы қала күні қарсаңында өңірімізде 100-ден астам мерекелік шара ұйымдастырылды. Бұл күндері қала тұрғындары мен қонақтары үшін арнайы мерекелік концерттер, жәрмеңке, көрме, фестиваль, спорттық іс-шаралар өтті. Сондай-ақ, мерекелік бағдарламада «Қалаға сыйлық» атты 80 жұптың вальсі, жергілікті өнерпаздармен қатар жеті өзені тасып, мерейі асып жатқан, жер жаннаты Жетісу төріндегі салтанатты шараға арнайы келген Kalifarniya, SAY MO әсем әннен шашу шашты.



## «ҮЗДІК АУЛА» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Облыс орталығы Талдықорғанда «Таза Қазақстан», «Таза қала» Талдықорған экоакциясы аясында «Үздік аула» байқауының қорытындысы анықталды. Байқау жеңімпаздарына Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарды тарту етуге қала әкімі Ернат Бәзіл арнайы қатысып, қаламыздың көркеюіне өзіндік үлестерін қосып жүрген азаматтарды марапаттады. Қала басшысының айтуынша, аталмыш шара қала тұрғындарының қоршаған орта мен аулаларын қорғауға деген жауапкершілігін арттыру, тазалық пен тәртіпті сақтауға ынтылаңдыру мақсатында өткізілді.



Қала әкімі Ернат Бәзіл:

«Таза қала өзінен басталады» дегендей, қала ортақ болғандықтан, оның тазалығы бәріміз үшін маңызды. Сондықтан тазалық мәселесінде алдымен әрбір тұрғын өзі тұрған жердің тазалығына мән берсе, тазалық сақталады. Сонда барып аула тазарады. Ал ауланың тазалығы - қаланың тазалығы, қаланың тазалығы - сананың тазалығы», - деді.

Облыс орталығы Талдықорған қаласы әсем де сәнді. Көркікті қаланың ажарына, тазалығына өз тұрғындары жауапты.

«Үлгілі аула» байқауы шілде айында бастау алған болатын. Тазалық байқауына 13 өтінім түсіп, атқарған жұмыстары әлеуметтік желілерде жарияланып, халықтың дауыс беруі арқылы көп дауыс

жинаған байқау қатысушылары жеңімпаз деп танылды. Байқау қорытындысында, 1-ші орынды «Ғарышкер» шағын ауданы, 31-ші үйдің тұрғыны Шанғужанова Нұртай Уәлиқызы иеленді. Нұртай апа өз ауласына 150 түп жеміс ағашын егіп, оның 49-ын жерлесіміз, белгілі журналист, халық жанашыры Бейсен Құранбектің атына арнап, бүгінде жемісінен қала тұрғындары да дәм татуда. Айтуынша, быыл 60 келі қарақатты балалармен жинап, қала тұрғындарына қайырымдылық ретінде үлестіріпті.

2-ші орынды «Мүшелтой» шағын ауданы, 2-ші үйдің тұрғыны Тұрсынай Мұсабекова алса, 3-ші орын Абай көшесі, 280-ші үйдің тұрғыны Ольга Абдрашитоға бұйырды.

## МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ САЛТАНАТЫ



Қыркүйектің төртінші сенбісінде талдықорғандықтар қала күнін Керекше көңіл-күйде атап өтті. Әсем де көркікті шаһардың облыс орталығы мәртебесін алғанына 80 жыл толды.

Шаһар күннен күнге гүлденіп, өсіп, өркендеп, тұрғындар саны 200 мыңнан асты. Орта және шағын бизнестегі кәсіпкерлік субъектілер 18 мыңға жуықтап, қала бюджеті 56 млрд теңгеге жетті.

Жастар саябағында түрлі қойылымдар мен көрмелер ұйымдастырылды. Быыл мерекеге орай балалармен қатар, ересектерге де қызықты болатын әртүрлі форматтағы іс-шара өткізілді. Әрбір іс-шара өзінің стилі мен мазмұнына қарай «Талдықорған – біздің ортақ үйіміз», «Талдықорған – әсем қала», «Талдықорған – таза қала» ұғымы арқылы қала тұрғындары мен қонақтарын біріктірді. Шара «Біз талдықорғандықпыз» деген сезімде өтті.

Болат КЕРІМБЕК,

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

– Қаланың болашағы әлі алда. Бұдан да үлкеніп, зәулім үйлер салына

ды. 5,6-шағын аудан ғана болатын бұл жерде. Қазір 12, 13-ке дейін созылып жатыр. Бұл нені көрсетеді? Қаламыздың көркейіп, үлкейіп жатқандығын көрсетеді. Сондықтан өзіміздің әсем Талдықорған қаласы тек қана көркейе берсін.

Мәдени-көпшілік шаралар ашық аспан астында «Жастар» спорт сарайы алаңында таңнан басталып түнгі отшашумен аяқталды. Мерекесіне балалар алдымен келері сөзсіз. Бір бала қуанса, мың періште көкте қуанар дегендей, бұл жолы да солай болды. Спорттық алаңда балалар асық ойнап, бір-бірімен белдесіп, күш сынасты. Эстафеталық жарыс, батуттар, аквагим, сабын көпіршектері балаларды қызықтыра түсті. Жеңімпаздарға сыйлықтар

да үлестірілді. Гүлдер саябағында талдықорғандықтар сүйікті демалыспен қатар фотосуреттерге түсті.

Әлия БАУЫРЖАНҚЫЗЫ:

– Бұл жерге біздің жеке студияның балаларының суреттері қойылған. Ашылғанымызға көп уақыт өтпей-ақ, кішкентайлардың ыстық ықыласына бөленіп жатырмыз. «Қуатбекова - арт» студиясына 4 жасан сурет салу, кескіндеме және графика, шығармашылық шеберлік сағаттарым өткіземіз. Қала күніне арнайы өзіміз де байқау жарияладық, содан іріктеп осында алып келдік. Мәселен, тазалық, ескерткіш тақырыптарына өрендер өз қиялдарын қосып керемет туындылар салған. Шәрбат Оразалы 80 жылдық логотипті қойса, енді бірі Қабанбай батыр ескерткішін бейнелеп, табиғат көрінісін



өз қиялымен көркемдеген. Кәусар деген суретшіміз қала эмблемасын қойып, табиғатты балалық шақпен үндестірген. Бала қиялдары көкке самғайды.

Айнұр ЕРМЕКҚЫЗЫ, қолөнерші:

– Қала күніне келушілерге өз қолымыздан шыққан өнімдерімізді ұсынудамыз. Көбіне, сый кезде, ақша жинау қорашаларын алып келдік. Ұлттық асық, теңгелік номиналдар, қазақ үй тәрізді 50-ден астам ассортимент бар. Қазақ үйі, түйені көбінесе, мерекелік тойларға алады.

Әсел АМАНЖОЛҚЫЗЫ:

– Қолөнермен қолым босаған кезде айналысамын. Мамандығым инженер-технолог. Бүгінгі қала күні құтты болсын! Қаламыз гүлдене берсін!

А. ЖАНТАСҚЫЗЫ:

– Көкшетаудан қоныс аударғанымға көп бола қойған жоқ. Алайда қаланың жанға жайлы ауасы, табиғаты ұнады. Балалармен мерекені көруге келгенбіз. Мұнда балалар алаңы жақсы. Қолөнершілердің қолынан шыққан бұйымдар көз қуантады.

Тарихы терең Талдықорған қаласының 80 жылдығын мерекелеу аясында «Жастар» саябағында «Талдықорған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ кітап жәрмеңкесін ұйымдастырды.

Қалалық орталық балалар кітапханасының қызметкерлері «І.Жансүгіров – қазақ әдебиетінің классигі» атты уақыт диаграммасын оқушылар арасында өткізді.

Осы жерде тарихтан сыр шертер фотокөрме де «Талдықорғанның өткені мен бүгінгі» атты тақырыпты қамтып, келушілердің назарын өзіне аударды.

Өнер, шабыт, шөп лабиринті, доп турнирі, аниматорлармен өткен әрбір шара талдықорғандықтарға ерекше көңіл-күй сыйлағаны сөзсіз. Өуе шарымен көкке көтерілу мүмкіндігі де туды. Сондай-ақ, «Ұлттық сахнада» Оқушылар сарайы, Нұрғиса Тілендиев және Өнер мектептері өнерпаздары әсем әндерімен Талдықорған төрін шаттыққа бөледі.

Бетті дайындаған: Данагүл МӨКЕН, Назерке ӘДІЛБЕКОВА



## ▶ ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

## ТАРИФ САЯСАТЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты халыққа арнаған жолдауының төртінші бағыты инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешуге арналды. «Мемлекеттің ұзақ уақытқа арналған нақты тариф саясаты, яғни тиісті жоспары болуы керек. Бұл – осы салаға «ұзақ мерзімге инвестиция тартудың» негізгі шарты. Алайда тұтынушыларға арналған тарифтің орынсыз өсуіне жол беруге болмайды. Энергетика және коммуналдық шаруашылық саласы жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны жыл соңына дейін бекіту керек. Коммуналдық ресурстарды үнемдеу мәдениетін қалыптастыру – өте өзекті мәселе. Келесі жылдан бастап нақты ережелер енгізілуге тиіс. «Көп тұтынсаң-көп төлейсің» қағидатын басшылыққа алу қажет», – деген егі Мемлекет басшысы.



Осы орайда «Тарифті инвестицияға айырбастау» тарифтер реформасы шеңберінде желілерді жаңғырту жұмысының қорытындылары және департамент жұмысының нәтижелері туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департамент қызметкерлері БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен баспасөз мәслихатында баяндады. Департамент басшысы Арман Сағымбековтың айтуынша, бұл мекеме 46 табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттейді. Оның ішінде: су шаруашылығы – 18, электр энергетикасы – 4, жылу энергетикасы – 13, газбен жабдықтау саласында және тағы басқа – 11 сала бар. Өткен 6-й ішінде тарифтерді өзгерту бойынша 43 өтінім түсіп, 13-і негізсіз деп танылған. Сонымен қатар 5 инвестициялық бағдарлама бекітілген. «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы бойынша 6 өтінім қаралса, оның 1 базалық субъект қатарында.

«Бұл «ТАЭТК» АҚ (Талдықорған акционерлік электржүйелерінің тасымалдау компаниясы). Мен оған толығырақ тоқталсам... Тарифті өзгерту жобасымен Департаментке жүгінудің негізгі себептері инвестициялық бағдарламаның өзгеруі, әкімшілік және өндірістік персоналдың орташа айлық жалақыларының ұлғаюы болып табылады. Қарау барысында жария тымдаулар өткізу, БАҚ-та, республикалық және жергілікті веб-сайттарда жарияланымдар орналастыру арқылы жариялылықты, есептілікті және ашықтықты қамтамасыз ету шарттары қатаң сақталды. Барлық тариф құру процесінің түпкі мақсаты – саланы дамыту қажеттіліктері мен халықтың мүмкіндіктерін ескеретін тарифті бекіту. Осы талаптардың барлығын сақтау тарифті түзету кезінде 1,48 теңгеге ұлғайтуға мүмкіндік берді. «ТАЭТК» АҚ үшін электр энергиясын тасымалдауға 1 кВтсағ үшін 10,90 теңге мөлшерінде орташа тариф бекітілді, бұл өндірістік персоналдың жалақысын 42%-ға ұлғайтуға және оның негізгі бөлігін 148-ден 210 мың теңгеге дейін, әкімшілік персоналдың жалақысын 27%-ға ұлғайтуға және оның негізгі бөлігін 174 мың теңгеден 221 мың теңгеге дейін жеткізуге мүмкіндік берді. Бір мезгілде 136,97 млн. теңге сомасында қолданыстағы активтерді одан әрі жаңғыртуды көздейтін қосымша инвестициялық бағдарлама бекітілді, бұл шын мәнінде желілердің тозуының төмендеуіне және соның салдарынан авариялық жағдайлардың қысқаруына әкеп соғады», – дейді департамент басшысы.

Департаменттің 16.05.2024 жылғы №89-НҚ «Талдықорған акционерлік электр жүйелерінің тасымалдау компаниясы» АҚ электр энергиясын беру және тарату қызметтері бойынша 2024 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы 01.06.2024 жылдан бастап қолданысқа енгізіле отырып бекітілген. «Тарифті инвестицияға айырбастау» тарифтік саясатын іске асыру шеңберінде инвестициялық бағдарламаны іске асыруға қаражат сомасы 2024 жылға ұлғайтылды 136,975 млн. теңгеге жалпы сомасы 1 336,97 млн. теңгені құрап отыр.

Тарифтердің өсуінен осал халықтың барлық топтары, бұрынғыдай, жергілікті атқарушы органдардың құзыретінде тұрған тұрғын үй көмегі тетігі арқылы қорғалауда. Баяндамашы сөзіне сүйенсек, баға белгілеу функциялары 1 қоғамдық маңызы бар нарықтың субъектісіне «Жетісу Энерготрейд» ЖШС қатысты жүзеге асырылды. Аталған ЖШС Жетісу облысы бойынша электр энергиясын кепілді жеткізуші болып табылады және 195 мың тұтынушының, оның ішінде 96,6% жеке тұлғаларды қамтамасыз етеді. 2024 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізіле отырып, Департаментке ұсынылған «Жетісу Энерго-

трейд» ЖШС-нің электр энергиясын бөлшек саудада өткізу қызметтеріне шекті бағалардың төмендеуі туралы 23.05.2024 жылғы №04-231 хабарламасының негізінде, көлемінің ұлғаюына байланысты электр энергиясына бекітілген тарифтері:

01.06.2024 жылғы жағдай бойынша электрмен жабдықтау қызметіне орташа тарифі 1 кВт үшін 31,28 теңгені құрайды, ҚҚС-сыз, бұл ретте:

- ▶ жеке тұлғалар – 22,74 теңге/кВт. сағ.;
- ▶ электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланбайтын заңды тұлғалар – 32,60 теңге/кВт. сағ.;
- ▶ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіру үшін электр энергиясын пайдаланатын заңды тұлғалар – 31,28 теңге/кВт. сағ.;
- ▶ мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар – 75,84 теңге/кВт. сағ. болған.

Сондай-ақ, 2024 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіле отырып, электр энергиясына тарифтер бекітілді, Департаментке ұсынылған «Жетісу Энерготрейд» ЖШС электр энергиясын бөлшек саудада өткізу қызметіне шекті бағаларды төмендету туралы 25.06.2024 жылғы №04-272 хабарламасының негізінде:

01.07.2024 жылғы жағдай бойынша электрмен жабдықтау қызметіне орташа тарифі 1 кВт. сағ. үшін 31,17 теңгені құрайды, ҚҚС-сыз, төмендеу 0,11 теңгені немесе 0,34% құрады, бұл ретте:

- ▶ жеке тұлғалар – 22,74 теңге/кВт. сағ. өзгеріссіз;
- ▶ электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланбайтын заңды тұлғалар – 32,60 теңге/кВт. сағ. өзгеріссіз;
- ▶ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіру үшін электр энергиясын пайдаланатын заңды тұлғалар – 31,17 теңге/кВт. сағ. төмендеу 0,11 теңгені немесе 0,34% құрады;
- ▶ мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар – 64,95 теңге/кВт. сағ. төмендеу 10,89 теңгеге немесе 14,37% құрады.

Халықпен кері байланыс орнатуда азаматтардың өтініштерін қарауға, олардың құқықтарын қорғауға, сондай-ақ ақпараттық-түсіндіру жұмыстары күшейтілген. 2024 жылдың 6 айында 104 өтінім келіп түсіп, қаралып, жауаптар берілген.

2023-2024 жылдардағы жылыту маусымының қорытындысы бойынша Департамент жылмен жабдықтау қызметтерін көрсететін ТМС-мен бірлесіп, орталықтандырылған жылмен жабдықтау қызметтерін пайдаланатын және жылуды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылмен жабдықтау қызметтерінің құнын қайта есептеу бойынша жұмыс жүргізді.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде Жетісу облысы бойынша 2023-2024 жылдардағы жылыту кезеңінде халыққа қайтаруға жататын сома ҚҚС-пен 6 073 799,68 теңгені құраған. Оның ішінде:

- ▶ «Талдықорғанжылусервис» МКК – 6 007 277,42 теңге;
- ▶ «Текелійский энергокомплекс» ЖШС – 66 522,26 теңге.

Департаментпен «Аэронавигация, әуежайлар және байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу және шығару» 9 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

Департаментпен табиғи монополиялар туралы заңнаманың сақталуына жоспардан тыс тексерулер жүргізілмеген және әкімшілік істер қозғалмаған.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

## ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛҒАН

БАҚ өкілдерінің қатысуымен ҚР СИМ Жетісу облысы бойынша сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау мәселесіне қатысты баспасөз мәслихаты өтті. Онда департамент басшысы Айгос Дауешев «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заң жобасындағы өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіріп, атқарған жұмыстары туралы ақпарат берді.

Департаменттің негізгі міндеті ішкі сауданы дамыту және реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында біртұтас және тиімді саясатты қалыптастыру болып табылады.

«Президенттің тапсырмасын және «Аманат» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған сайлауды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасын іске асыру мақсатында біздің министрлік жаңа редакцияда тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң жобасын және оған ілеспелі заң жобасын әзірледі.

Заң жобасына енгізілген негізгі өзгерістер:

- 1) тұтынушылардың шағымдарын қараудың көпсатылы алгоритмін жеңілдету;
- 2) тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі Омбудсмен;
- 3) тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі базалық қағидаттар;
- 4) онлайн саудада тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту жөніндегі түзетулер енгізілген.

Жалпы, Жетісу облысында тұтынушылардың құқықтарын қорғау сала-



сында өтініштер саны артып келеді. Мысалға 2024 жылдың 8 айы бойынша бойынша Жетісу облысының сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментіне 500 өтініш түсіп (2023 жыл – 544, 2022 жыл – 100 өтініш, яғни 5,8 есеге көбейген), оның 205 өтініші оңды шешіліп, тұтынушыларға жалпы сомасы 11 373

900 теңге тұтынушыларға қайтарылған. Өтініштердің саны 2022 жылмен салыстырғанда 5 есеге, яғни 100-ден 500-ге өскен.

Тұтынушылардың шағымдары бойынша көшбасшылықтың алдыңғы қатарында бөлшек сауда саласы, тұрмыстық қызмет, одан кейін электронды сауда алады.

Статистика көрсеткендей, облыстық сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне тұтынушылардан электронды сауда саласына өтініштердің үлкен өсуі байқалады.

2023 жылы электрондық сауда саласындағы өтініштердің саны 63-ті құрады (оң шешілді – 23), ал ағымдағы жылы 8 айда – 78-ны құрады, оның 39-ы оң шешілді», – деді департамент басшысы.

## ▶ ӨНЕР

## «BIKEN» II ТЕАТР ФЕСТИВАЛІ

Халық әртісі, КСРО және Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының иегері, көрнекті театр және кино актрисасы Бикен Римова атындағы дәстүрлі «BIKEN» II Халықаралық театр фестивалі өтеді.



Аталмыш жиын жөніндегі толық мәліметтермен ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Б.Римова атындағы Талдықорған драма театрының әртісі Кендей Темірбайұлы, режиссерлер Ұлан Ахметов пен Рамазан Үсен баспасөз мәслихатында бөлісті. Фестивальдің мақсаты – театр ұжымдары арасындағы шығармашылық байланысты нығайту, бірлескен шығармашылық жобалардың пайда болуына жағдай жасау, жас режиссерлердің, актерлердің, драматургтердің, суретшілердің жаңа буынын анықтау және қолдау көрсету. Бұл фестиваль жаңа есімдер, мол тәжірибе мен жаңалықтарға жол ашады. Сонымен қатар кәсіби театр ұжымдарының үздік қойылымдарын көпшілікке ұсынып қана қоймай, шет елдің озық мәдениетімен танысуға және ұлттық өнерді әлемдік аренада танытуға зор мүмкіндік береді. Спикерлер бұл бастама аңыз тұлға де-

ген қошемет пен бауырлас мемлекеттер арасындағы мәдени-рухани байланысты нығайтатыны сөзсіз екенін атап өтті. Былғы фестивальдің ерекшелігі өнер ұжымдары өзара шығармашылық қарым-қатынас орнатады, тәжірибе алмасады, шеберлік сабақтарына қатысады. Фестиваль 7-10 қазан аралығында өтеді. Екінші мәрте ұйымдастырылғалы жатқан шараға жалпы саны 8 театр қатысады. Атап айтсақ, Жамбыл облыстық орыс драма театры, В.Гуния атындағы Поти мемлекеттік драма театры, С.Қожамқұлов атындағы Ұлытау облысының қазақ музыкалық-драма театры, Түркияның Эрзурум мемлекеттік театры, Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театры, Қ.Жантөшев атындағы Ыстықкөл облыстық музыкалық драма театры, Б.Омаров атындағы «Жас сахна» театры.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

## ▶ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

## ШЕКАРАШЫЛАР ҚҰРМЕТІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының жеке құрамы Бескөл ауылының тұрғыны Дінғазы Алипов пен жұбайы Бәтима Алипованы «1 қазан - Халықаралық қарттар күні» мерекесімен құттықтады.

Техникалық және кәсіби дайындық бөлімінің бастығы, полковник Жекебай Байсаханов пен орынбасары, подполковник Айдын Дәрібаев қарияға ұзақ ғұмыр мен зор денсаулық тіледі. Шекара сақшыларының атынан сыйлық табыс етті. Дінғазы Шөкенұлы саналы ғұмырын еңбекке арнаған озат механизатор болса,

Бәтима Смайлқызы дүниеге жеті баланы өкелген «Алтын алқа» иегері.

Дінғазы қария үнемі қал-жағдайын біліп, көңілін сурап тұратын алақалдық шекарашыларға рахметін айтып, жауынгерлік қызметтеріне жетістік тіледі.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

# ӨРІМДЕЙ БАЛА ӨМІРДЕН НЕГЕ КҮДЕР ҮЗЕДІ?

Соңғы уақытта ақпарат құралдары, әсіресе, әлеуметтік желілерде балалар арасындағы суицид мәселесі қызу талқыланып жатыр. Сол талқы барысында көпшілік естін-біліп жатқан ақпарат – суицид деп аталатын алып айсбергтің көзге көрінбей тұрған басы ғана. Маған бұл мәселемен қызмет бабына орай, жақын танысуға тура келді.



2023 жылдан бері Жетісу облысы әкімінің қолдауымен бекітілген жасөспірімдер істері жөніндегі мобильді топтың комиссия мүшесімін. Комиссияда қарайтын негізгі мәселенің бірі – аймақтағы балалар мен жастар арасындағы суицид, әлімжеттік, зорлық-зомбылық, жалпы құқық бұзушылық болып табылады. Айына екі рет жиналатын комиссияның әр отырысы облыс аумағындағы аяқталған немесе аяқталмаған суицид, яғни мектеп жасындағы балалар арасындағы өзіне өзі қол салу оқиғаларын қараудан басталады. Бірақ, қанша тырыссақта, «өрімдей бала өмірден неге күдер үзеді?» деген сұраққа тұщымды жауап нақты таба алмайсыз... Бұл – жекелеген аймақ қана емес, жалпы елге ортақ жағдай.

Балалардың құқығын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында жасөспірімдер арасындағы өз-өзіне қол жұмсаудың себеп-салдары мен онымен күресу тұрғысында зерделеу жұмыстары жоспар негізінде атқарылып жатыр. Атап айтқанда, ең бірінші мектептің педагогикалық-психологиялық ахуалын зерттеп, бала қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында бейнекамералардың дұрыс жұмыс істеуі және дәретханалардың талапқа сай болуы, сондай-ақ, санитарлық-тазалық орындарына ауаны алмастыру, желдеткіш, жылумен қамтамасыз ету құрылғылары, мектеп асханасында мәзір дайындау, ұсыну жұмыстарының жүріуі мектеп әкімшілігі тарапынан қатаң бақылауда. Жетім және отбасы қам-қорлығынсыз қалған балаларды қолдау дұрыс жолға қойылған. Тәрбие жұмысының және психологиялық қызметтің дұрыс жүргізілуін зерделеу жұмысы өз деңгейін-де атқарылуда. Атап айтқанда, 1-11 сынып жетекшілері тарапынан күнделікті балалардың көңіл-күйі, мінез-құлқы, өзін-өзі ұстауы бақыланып, «Оқушының мінез-құлқының өзгерісі» зерделеу парағы толтырылып, мектеп психологі А.Шаяхметоваға өткізіледі. Жұмыс барысында мінезінде өзгеріс анықталған оқушының ата-анасымен байланыс орнатылып, қарым-қатынас барысында мектеп психологіне рұқсатын берген жағдайда баламен және отбасымен жеке жұмыс жүргізіледі. Сонымен бірге тәрбие бөлімі мен мектеп психологінің бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес 5-7 сыныппен Филлипстың «Мектептегі мазасыздықты анықтау» сауалнамасы, 8 сыныппен Дембо-Рубинштейн «Өзіндік бағалау» әдістемесі, «Өмірім - өз қолымда» эссе, 9-10 сыныппен. Рожков-Ковальчук «Тәуекел тобындағы балаларды бастапқы диагностикалау» тесті, 11 сынып Эйдемиллер-Юстицкий «Отбасылық қобалжуды анықтау» әдістемелері жүргізіледі.

Әлеуметтік жағдайдың ауырлығы мен суицидтің, суицидтік әрекеттер жасау қаупінің арасындағы байланыстарға қатысты зерттеулердің көпшілігі қоғамның әлеуметтік тұрғыдан аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан балалар мен жасөспірімдер арасында орын алып жататындықтан, мектеп әкімшілігі оқушының отбасына тұрмыстық хал-

жағдайын зерттеу мақсатында түрлі рейдтік шаралар ұйымдастырады.

Балалардың суицид актілерін жүзеге асыру үшін пайдаланатын әдістерінің алуан түрлілігі зерттеудің өзгеше маңызды саласы болып табылады. Мәселен, жағдаяттық және айналадағы, стресті жағдайлар мен қолайсыз өмір сүру жағдайлары, қауіп-қатердің әлеуметтік және отбасылық факторлары, жеке факторлар көбінесе баланың жеке оқшаулануы, ұялы телефонды дұрыс қолдана білмеуінің әсерінен орын алып жатыр.

Балалар суицидін алдын алу, анықтау және оған араласу саласында әр отбасын жіті зерттеу, баланың психологиялық әл-ауқатын бақылау мақсатында ата-аналардың жалпы жиналысында ұялы телефонды оқу процесі кезінде қолданбау, дұрыс пайдалану туралы бұйрық шығарылып, таныстырылады. 1-11 сынып жетекшілері, ата-аналар комитеті балалардың бос уақытын тиімді пайдалану бағытында түрлі спорттық секцияларға қатысуын, қосымша оқуларға, факультатив сабақтарға баруын бақылап отырады.

Жасөспірімдер арасында кездесетін күрделі өмірлік және күйзеліс жағдайларына талдау жасау, жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу мақсатында жалпыадамзаттық құндылықтар тәрбиесі бойынша әдістемелік ұсыныстарды қолдану бағытында мектепте әлеуметтік педагог тікелей отбасымен, балалардың жеке құқығын қорғау жұмысымен айналысып отыр. Әр өткізілген ата-ана жиналысынан кейін тәрбие бөлімі ата-аналарға әдістемелік көмек ретінде түрлі тақырыпта жадынамакар, кітапшалар таратады.

Қазіргі таңда өз өмірін бағаламау, саналы түрде одан бас тарту әрекеті әлемдік мәселеге айналып отыр. Бала психикасы өте нәзік, жаралы болып келетіндіктен кішкентай нәрсені өз өзіне ауқымды проблема ретінде қабылдайды. Сондықтан оларға қашанда ата-ананың түсінігі мен арнайы маманның көмегі қажет.

Кәмелетке жасы толмағандардың суицид пен деструктивті мінез-құлқының алдын алу бағытында мектеп инспекторы, полиция майоры А.С.Еркенбекова, Талдықорған ІІБ қызметкерлерімен бірлескен жоспар негізінде семинар, лекция, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, өткізіледі.

Жасөспірімдер арасындағы суицид мәселелерімен күресуде әрбір мұғалімнің психологиялық білімі болуы керек және бала тағдырына жауапты мекеме, мектеп, ата-ана, үкіметтік емес ұйымдар бірлесіп араласып жұмыс жасауы керек.

Адам тағдырына келгенде жауапкершілікті тек ұстаздар мен дәрігерлерге жүктеп қана қоймай, қоғам болып жұмыла мойнымызға алуымыз керек! Сонда ғана қазақ тағдырында болмаған мына алапатқа тосқауыл қоя аламыз.

**Айгүл ҚОЖЕКЕНОВА,**  
**М.Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

## БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫ

# ОТБАСЫ – БАҚЫТ МЕКЕНІ

Елімізде «Ана үйі» ҚҚ бизнес өкілдерінің жобасы ретінде жұмыс жасап және жыл сайын балалар үйіне түсетін балалардың санын азайту мақсатын көздеп жоба өз нәтижесін бере бастаған. Еліміздің 20 қаласында балалар үйлері мен сәбилер үйінен бала асырап алғысы келетін азаматтарға кеңес беретін кабинеттер жұмыс жасайды. Ұлттық бала асырап алу агенттігінің ұйымдастыруымен Талдықорған қаласында «Баланың бақытты мекені - Отбасы» атты дөңгелек үстел өтті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, сапардың негізгі мақсаты – Қазақстанда Кәсіби қабылдаушы отбасы институтын енгізу туралы ақпарат беріп, пікір алмасу екен. Жетісу облысынан бұрын Қызылорда аймағында болған қор өкілдері еліміздің барлық аймағын аралап шықпақ ойда.



Дөңгелек үстел басқосуына Талдықорған қаласы әкімдігінің, аудандардың мүдделі тұлғалары (білім басқармасы, денсаулық сақтау басқармасы, әлеуметтік жұмыспен қамту), қамқоршылық және қорғаншылық органдары, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердің өкілдері қатысты. Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков: «Балалар мәселесі, олардың құқығын қорғау – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың үнемі назарында. Балалардың өмірінің жарқын болуына қатысты шаралар жасалып жатыр. Балалардың бақытты болуы – ел болашағы. Сондықтан да, балалар құқығы мен қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінуде. Осы мақсатта «Аналар үйі» қоғамдық қорымен бірлесіп жұмыс атқарылуда. Қала әкімдігі атынан Ұлттық бала асырап алу агенттігіне табыс тілейміз. Қолымыздан келгенше заң аясында әрдайым қолдауға әзірміз». Дөңгелек үстел еркін әңгімелесу, пікір алмасу форматында өтті. Негізгі спикер «Ұлттық бала асырап алу» агенттігінің жоба жетекшісі Фарида Мурзаханқызы Рахметова жұмыс барысын ортаға салды.

2016 жылдан бері Ұлттық бала асырап алу агенттігінің көмегімен 1945 бала қазақстандық отбасыларға орналастырылды. Олардың 244-і Реабилитация

жобасындағы диагнозы бар балалар және ол отбасыларға атаулы материалдық көмек, балалардың денсаулығын қалпына келтіру және оңалту түрінде қолдау көрсетілуде.

Алайда 4200-ге жуық бала әлі де ата-анасын интернаттық мекемелерде күтуде. Олардың басым бөлігі жасөспірімдер, ағайындылар және диагнозы бар балалар. Бұл мәселенің шешімі біздің елімізде үздік әлемдік тәжірибені – Кәсіби қабылдаушы отбасылар институтын енгізу жобасы қолға алынуы мүмкін.

Жаңа енгізілімді талқылау кезінде Қаратал ауданы бойынша білім бөлімінің қорғаншылық және қамқоршылық органының бас маманы – Әсел Сембекова «Қабылдаушы ата-аналар мектебін бітірген отбасылар кәсіби қабылдаушы ата-ана бола алады ма?» деген сұрақ қойды. Қойылған сауалға жобаның басшысы, Фарида Рахметова: «Кәсіби қабылдаушы ата-аналардың оқуы мен алатын сертификаттары өзгеше болады. Бірақ асырап алынған бала 18-ге толып кеткен болса, әрине, кәсіби қабылдаушы отбасы болуға ниет білдіре алады» деп жауап берді.

Іс-шараның нәтижесінде мемлекеттік органдарға Кәсіби қабылдаушы отбасы институтының маңыздылығы мен мәні егжей-тегжейлі баяндалды.

**Данагүл МӘКЕН**

## ПІКІРСАЙЫС

# ТӘУЕЛСІЗ ЖАСТАР АЛАҢЫ

Талдықорған қаласының №125 мектеп ғимаратында, облыстық қоғамдық даму басқармасы мемлекеттік мекемесінің қолдауымен «Адам және қоғам» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Жастар арасында пікірсайыс қозғалысын дамыту жөніндегі «Тәуелсіз жастар алаңы» атты облыстық пікірсайыс турнирі өтті.



Турнирге облыс аумағынан 10 команда қатысты. Американдық парламенттік форматта, қазақ тілінде өткен басқосуға 14-35 жас аралығындағы азаматтар қатысты.

Сыни ойлау қабілетін дамыту, өзара мәдениеттілікті қалыптастыру, төзімді болуға үйрену, кез келген мәселені шешу жолын қарастыру, белсенді азаматтық ұстанымға ықпал ету мақсатында ұйымдастырылған шара өте жоғары деңгейде өтті.

Пікірсайыс турниріне білікті де білімді мамандар төрелік етті. Нәтижесінде III орынды Көксу ауданы командасы иеленсе, Алакөл ауданының командасы II орыннан көрінді. Жүзден жүйрік деп танылған Талдықорған командасы I орын алды.

Панфилов ауданынан келген Балайым Даулетқан «Үздік спикер», Данияр Тарихов «Үздік төреші» атанды.

**Гүлім НҮРҒАЛИЕВА,**  
**«Адам және қоғам» қоғамдық бірлестігінің директоры**

## БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА ДАНАЛЫҚ ҰСТАЗДАН



«Ұстаз тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар қоғамда еңбекқорлық, жауапкершілік, мейірімділік, адалдық және тәрбиелілік сынды қасиеттерді қалыптастыратын көшбасшылықтың үлгісі. «Даналық ұстаздан» челленджи педагогтердің ұрпаққа сіңірген еңбегіне ризашылығымыз бен құрметімізді көрсетеді», - дейді тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Меруерт Медетбекова.

Сіздер де сүйікті ұстазыңыз туралы қысқаша бейнеролик немесе құттықтау лебізіңізді әлеуметтік желіде жариялай отырып, білім берген ұстазыңызға алғыс білдіре аласыздар.

Сондай-ақ елімізде «Қалықта, әнім, Ұстазым деп!» тақырыбында челлендж өтеді. 3 қазан күні сағат 12:00-де білім беру ұйымдарының оқушылары «Ұстазым» әнін бір мезгілде орындады.

Барлық ниет білдірушілер әлеуметтік желілерде ұстаздарға арнаған құттықтау бейнероликтерін #Біртұтас\_тәрбие және #Даналық\_ұстаздан ұсына алады.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайты

Оқу-ағарту министрлігі 5 қазан Ұстаздар күніне орай «Даналық ұстаздан» челленджін жариялайды.

Бұл шара педагогтерге құрмет пен алғыс білдіруге, сондай-ақ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өскелең ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.



## ТАЛДЫҚОРҒАНДА 6 МЫҢ ТҮП АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ



Облыс орталығы Талдықорған қаласында күзгі тазалық айлығы қарқынды түрде жүргізілуде. Коммуналдық сала қызметкерлері жол жиегін, саябақтар мен скверлерді және арық жүйелерін қоқыстар мен құраған ағаштардан, жапырақтардан тазалауда. Бұл жұмыстар жер тоңы қатқанға дейін жалғаспақ.

Сонымен қатар, «Таза сәрсенбі», «Таза бейсенбі» және «Сенбіліктер» ұйымдастырылып, қала аумағына ағаш көшеттерін отырғызу жұмыстары

жүргізілуде. Осылайша күз айларында талды қаламызға 6 мың түп ағаш көшеттерін егу жоспарлануда.

## ДЕНСАУЛЫҚ

### ТҰМАУ НЕСІМЕН ҚАУІПТІ?

Тұмау - кез келген адам жұқтыруы мүмкін жұқпалы ауру. Тұмаудың қоздырғышы вирус болып табылады, ол жұқтырған адамдардан басқалардың мұрын-жұтқыншағына түседі. Көптеген адамдар тұмаумен бірнеше күн ғана ауырады, бірақ кейбіреулері одан да көп ауырады. Аурудың ауыр ағымы, өлімге дейін баруы мүмкін.



Тұмау кезінде созылмалы аурулар күшейеді, сонымен қатар тұмаудың ықтимал асқынулардың кең тізімі бар:

- ▶ Өкпе асқынулары (пневмония, бронхит). Бұл тұмаудан болатын өлім-жітімнің көпшілігінің себебі болып табылатын пневмония.
- ▶ Жоғарғы тыныс жолдарының және көз, құлақ асқынулары (отит, синусит, ринит, трахеит).
- ▶ Жүрек - қантамыр жүйесінің асқынуы (миокардит, перикардит).
- ▶ Жүйке жүйесінің асқынулары (менингит, менингоэнцефалит, энцефалит, невралгия, полирадикулоневрит).

Ықтимал асқынуларды болдырмау үшін тұмаудың алдын алуды уақтылы жүргізу және аурудың өзін дұрыс емдеу маңызды.

Тұмаудың негізгі белгілеріне 37,5-39°C температура, бас ауруы, буын және бұлшық ет ауруы, қалтырау, шаршау, жетел, мұрынның ағуы немесе бітелуі, тамақ ауруы және қышуы жатады.

#### Тұмаумен ауырған кезде не істеу керек?

Науқастың өзі алғашқы белгілерінде басқаларға жұқтырып қана қоймай, уақытында дұрыс емделу үшін үйде болуы керек. Ауру белгілері басталғанда өзінің учаскелік дәрігеріне хабарлауы тиіс. Инфекция-

ның одан әрі таралуын болдырмау үшін науқасты сау адамдардан оқшаулау керек, бөлек бөлме бөлген жөн.

#### Есіңізде сақтаңыз!

Ата-аналар! Ешбір жағдайда ауырған балаларды балабақшаға, мектепке, мәдени-бұқаралық іс-шараларға жібермеңіз. Тұмау кезінде төсек демалысын сақтау өте маңызды, өйткені ауру кезінде жүрек қан тамырлары, иммундық және дененің басқа жүйелеріне жүктеме артады.

Тұмау кезінде өзін-өзі емдеуге жол берілмейді және науқастың жағдайы мен жасына сәйкес диагноз қойып, қажетті емдеуді тағайындауды дәрігер іске асыруы керек.

Кейде масканың орнына импровизацияланған құралдарды (мата бөліктері, шарфтар, шарфтар, ауыз бен мұрынды жабатын қағаз маскалары) қолдану қажет. Егер мұндай импровизацияланған құралдар қолданылса, оларды тек бір рет қолдану керек.

#### Ж.ҚАСЕН,

«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ Эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас маманы

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі «Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы рейтинг жасау үшін Талдықорған қаласында онлайн форматта әлеуметтік сауалнама жүргізеді.

Сауалнамаға сілтеме:

<https://forms.gle/Ln82BjLHj8RhU1K8>

## РЕФЕРЕНДУМ КҮНІ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ТЕГІН

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтары!  
6 қазанда республикалық референдум күні Талдықорған қаласында қоғамдық көлікте жүру тегін болады.

## КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІ

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары!

2024 жылдың 4-тоқсанына аз қамтылған отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін облыс аумағында қолданатын ең төменгі күнкөріс деңгейі 51884 (елу бір мың сегіз жүз сексен төрт) теңге, кедейлік шегі 36319 (отыз алты мың үш жүз он тоғыз) теңге.

Уважаемые жители города Талдықорған!

Для назначения адресной социальной помощи малообеспеченным семьям в 4 квартале 2024 года прожиточный минимум, применяемый на территории области 51884 (пятьдесят одна тысяча восемьсот восемьдесят четыре) тенге, черта бедности 36319 (тридцать шесть тысяч триста девятнадцать) тенге.

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДА QR-ТАҚТАЙШАЛАРЫН ПАЙДАЛАН

Өртүрлі сипаттағы төтенше жағдайлар (жер сілкінісі) кезінде Талдықорған қаласының халқы үшін қауіпсіз эвакуациялық шараларды ұйымдастыру мақсатында, қала аумағында 31 зардап шеккен халықты қабылдау пункттері бекітілген.

Пункттер бойынша ақпаратты халық арасында кеңінен тарату мақсатында Талдықорған қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы мен Талдықорған қаласының тұрғын үй инспекциясы қызметкерлері QR-тақтайшаларды жасау және оларды тұрғын үйлерге орналастыру бойынша жұмыстар жүргізді.

Төтенше жағдай кезінде Сіз осы QR-тақтайшалар арқылы үйіңізге жақын орналасқан пункт бойынша ақпарат ала аласыз!

Уважаемые жители и гости города Талдықорған!

В целях организации безопасных эвакуационных мероприятий для населения города Талдықорған при чрезвычайных ситуациях различного характера (землетрясениях) на территории города закреплен 31 пункт приема пострадавшего населения.

В целях широкого распространения информации по пунктам среди населения сотрудниками Управления по чрезвычайным ситуациям города Талдықорған и жилищной инспекции города Талдықорған проведена работа по изготовлению QR-табличек и размещению их в жилых домах.

В случае чрезвычайной ситуации вы можете получить информацию по пункту, расположенному рядом с вашим домом, с помощью QR-табличек!

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары және қала қонақтары!

Дарабоз ана, Абай, Қабанбай батыр, Балпық би көшелеріндегі «Жылу желілерін қайта жаңарту» жобасын іске асыру мақсатында 2 қазаннан бастап Назарбаев, Балпық би көшелерінің қиылысында жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Осыған байланысты 5 қазанға дейін жарыяда аталған көшелердің қиылысы уақытша жабылады.

Уважаемые жители города Талдықорған и гости города!

В рамках реализации проекта Реконструкция тепловых сетей по улице Дарабоз ана, Абая, Кабанбай батыр, Балпық би с 2 октября планируется проводить земляные работы на углу улиц Назарбаева, Балпық би. В этой связи временно до 5 октября будет перекрыта пересечение вышеуказанных улиц.

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі, белсенді ардагер Бегасылов Назарбек Құрмаш-Құлшығашұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

## МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҒЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР  
НҰРШАНОВА  
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02  
E-mail: [taldyk@bk.ru](mailto:taldyk@bk.ru)

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.  
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 100 дана.  
Талсырыс №1080 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбесінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.